

ҚР ОАМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ақылы қызметтері туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік кодексінің 23-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, қандастар және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері), **мемлекеттік кәсіпорындар** (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері) **кәсіпкерлік субъектілері** болып табылады.

Кодекстің 26-бабына сәйкес Жеке кәсіпкерлік субъектілері егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, **кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрлерін жүзеге асыруға**, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарықтарына қол жеткізу еркіндігінің болуына **құқылы**.

ҚР ОАМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – РҚББОӨО) **кәсіпкерлік субъектісі болып табылады** және кәсіпорынның Жарғысына сәйкес **кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы**.

Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру саласының қызметі, оның ішінде балаларға арналған республикалық іс-шараларды, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметі **бәсекелестік ортада**. Осыған байланысты ҚР Оқу-ағарту министрлігі РҚББОӨО қызметін мақсатты **қаржыландырмайды**.

«Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңының 140-бабына сәйкес мемлекеттік кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес **өз табысы** және ҚР бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен, яғни мемлекеттік сатып алу байқауларына қатысу арқылы және кәсіпорынның Жарғысында айқындалған қызмет түрлері бойынша **ақылы қызметтер көрсету** жолымен қаржыландырылады.

ҚР ОАМ-нің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 391 бұйрығымен бекітілген РҚББОӨО дамытудың 2024 жылға арналған жоспары мемлекеттік кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайды.

РҚББОӨО біліктілікті арттыру курстарын және республикалық іс-шараларды кәсіпорын директоры бекіткен РҚББОӨО-ның 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына және даму жоспарына сәйкес жүргізеді.

«Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңының 156-бабына сәйкес республикалық қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органы – **ҚР Оқу-ағарту министрлігі белгілейді**.

ҚР ОАМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК іске асыратын қызметтерге баға прејскуранты ҚР ОАМ 2023 жылғы 14 маусымдағы № 170 бұйрығымен бекітілген.

РҚББОӨО зияткерлік меншік объектілеріне – балаларға қосымша білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарының **51** білім беру бағдарламасына авторлық құқыққа ие. Барлық **бағдарламалар келісілген** және ҚР Оқу-ағарту министрлігі жанындағы **комиссияның сараптамалық қорытындылары бар**.

Сондай-ақ, Педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының құжаттарын қарау жөніндегі жұмыс тобы отырысының 31.01.2023 жылғы № 1 хаттамалық шешіміне сәйкес ҚР ОАМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК Педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының **тізбесіне енгізілген.**

Осыған байланысты, ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен РҚББОӘО арасында республикалық бюджет есебінен біліктілікті арттыру курстарын өткізуге шарттар жасалып, 2020 жылы – 1 500 адам, 2021 жылы – 2500, 2022 жылы – 2500, 2023 жылы – 3500 адам **тегін** курстарда біліктілік арттырған болатын.

Дегенмен, 2024 жылы қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыруға арналған **бюджет** Оқу-ағарту министрлігінде **50% -ға қысқартылды.** Сондықтан тегін курстарды өткізуге **1750** педагог үшін ғана шарт жасалды. Аталған курстар 2024 жылғы 1 сәуір – 14 маусым аралығында ұйымдастырылып өткізілді.

Педагогтер тарапынан біліктілікті арттыру курстарына үлкен **қажеттілікке байланысты** РҚББОӘО 2024 жылғы қыркүйектен бастап **ақылы негізде курстар өткізіп отыр.**

ҚР ОАМ бекіткен РҚББОӘО көрсететін ақылы білім беру қызметтерінің тізбесіне сәйкес **курстарды** қашықтан оқыту форматында ұйымдастыру және өткізу бойынша **қызмет құны** 80 сағатқа – 70 000 теңге және 40 сағатқа – 30 000 теңгені құрайды, аудиториялық форматта тиісінше – 75 000 және 40 000 теңге.

Бір курс құнының калькуляциясына мынадай шығыстар енгізілген: ұйымдастырушылар мен дәріскерлердің еңбегіне ақы төлеу, жұмыс берушінің жарналары (салықтар, алымдар және аударымдар), банк қызметтері, шығыс материалдарына арналған шығыстар (кеңсе тауарлары, электрондық жеткізгіштер, шаруашылық тауарлары, картридждер, оқу тарату материалын, әдістемелік ұсынымдарды көбейту және т.б.), іссапар шығыстары, баспаханалық және полиграфиялық қызметтерді сатып алу, үй-жайды жалға алу, байланыс қызметтеріне ақы төлеу, интернет, интернет платформа, компьютерлік ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету, коммуналдық шығыстар, пошталық қызметтер.

Ақылы білім беру қызметтерінің тізбесіне сәйкес білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтері үшін қашықтан өткізілетін **байқаулардың құны** 700-ден 5000 теңгеге дейін құрайды.

Қызметтердің құны мынадай шығыстарды болжайды: сайтты техникалық сүйемелдеу, байланыс қызметтері, Интернет, банк қызметтері, салықтар, кеңсе тауарлары, қазылар алқасының мүшелеріне ақы төлеу, қызметкерлердің жалақысы, байқауды өткізу ережесін әзірлеуге қатысқан, хаттарды жіберумен қатысушылардың тізімдерін, бағалау парақтарын жасау, қазылар алқасының мүшелерін қорытынды шығару үшін шақыру, олардың жұмысын ұйымдастыру, сертификаттар мен дипломдардың тізбесін жасау, дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды толтыру және сайтқа орналастыру және т.б.

Сондай-ақ, ақылы негізде педагогтерден «Қосымша білім және тәрбие», «Темірқазық» және «Экоәлем» журналдарына орналастыру үшін **мақалалар** қабылданады. Төлем мөлшері – 10 000 теңге.

Қызметтердің құны мынадай шығыстарды болжайды: сайтты техникалық сүйемелдеу, байланыс қызметтері, Интернет, банк қызметтері, салықтар, мақалаларды жинауға, тіркеуге, түзетуге, беттеуге және графикалық ресімдеуге, мұқабаларды жасауға, журналдың фотосуреттерін өңдеуге, мақалалардың дизайнына, сайтта орналастыруға және т.б. қатысқан қызметкерлердің жалақысы.

Балалар мақалалары тегін негізде қабылданады.

Ақылы негізде курстарда оқу, байқауларға қатысу, мақалаларды журналдарға орналастыру тек ерікті сипатта болады.